

XX ғасырдың II жартысындағы Аймақтық жандалдар

Орындаған : Күнтебай Н

Дархан М

Тексерген : Илясова Г.С

Аймақтық жанжалдар – жеке аудандар мен шектелген екі , болмаса бірнеше елдердің қатысы бар саяси – әскери даулар және қарулы қақтығыстар .

- Қырғи – қабақ соғыс
- Үндістан мен Пәкістан арасындағы Кашмир мәселесі
- Иран мен Ирак арасындағы Шатт-әл Араб өзені бойындағы шекаралық қақтығыстар
- Сомали мен Эфиопия арасындағы Африка Мүйісіндегі жерлер мәселесі
- 1960-1990 ж Конго аймағындағы қақтығыстар , 1960 Югославия мемлекеті
- АҚШ 1950-70ж Үндіқытайда ,1954 ж Гватемалада
- КСРО 1970-80 ж Ауғаныстанда
- Арабиядағы жанжалдар
- Вьетнамдағы жағдай
- Кореядағы жағдай
- Ауған соғысы

- Олардың шығу себептері бұрын жерге, суға таласқа байланысты болса, 20 ғасырда идеологиялық, стратегиялық мақсаттар мен халықтардың тәуелсіз өмір сүруге деген ұмтылысынан шыққан қайшылықтар да аймақтық жанжалдарға себеп болып отыр. 2-дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдарда аймақтық жанжалдар асқына түсіп, өте қатері салдар әкелетін болды. “Қырғи қабақ соғыс” жылдары алып мемлекеттер әлем түпкірлеріне ықпалдарын жүргізу үшін қақтығыстарға қатысқан елдерді өздеріне қаратуға тырысып, ол ауданға қару-жарақ, әскери техника, әскер күштерін, барлаушыларын жіберіп, оларды реттеудің орнына асқындыра түсті.

- Аймақтық жанжалдар отарлық жүйелер жойылып, олардың орнына жаңа мемлекеттер пайда болуымен бірге өрши түсті. Бір халықтың шашырап, екі-үш мемлекет қарамағында қалған жағдайлар көп кездесті (монғолдар, қазақтар, арабтар, құрдтар, албандар, поляктар, ирландықтар, африкандықтар т.б.). ұлттық бірігу, ұлттық мемлекет құру, халықтардың өз тағдырын өзі шешу заңдылығы БҰҰ Жарғысында мойындалғанымен, оларды іске асырудағы неше түрлі геостратегиялық, идеологиялық, экономиялық, шекаралық қайшылықтар аймақтық жанжалдар туғызды (60-90 ж. Конго аймағындағы қақтығыстар, 90 ж. бұрынғы Югославия мемлекеті, Орта Шығыстағы урдтар т.б.).

- Сонымен бірге аймақтық жанжалдардың өршуіне алпауыт мемлекеттердің басқа елдердің ішкі істеріне қол сұғып, озбырлық саясат жүргізуі себеп болды (мысалы, АҚШ Гватемалада (1954 ж.), Үндіқытайда (50-70 ж.), КСРО Ауғанстанда (70-80 ж.). Шет елдердің астыртын араласуы Кавказда Шешенстан — Ресей, Ингушетия — Осетия, Грузия — Абхазия, Әзірбайжан — Армения арасындағы, Шығыс Еуропада Молдавиядағы, Балқанда Босния мен Герцеговина, Косоводағы, Орталық Азияда Тәжікстандағы аймақтық жанжалдарды туғызғаны белгілі.

- Аймақтық жанжалдарды халықтар мүдделеріне сәйкес, әділет негізінде бейбіт түрде реттеуде бейітшілік пен бостандық сүйгіш елдердің қосқан үлесі мол. Сонымен бірге кейбір аймақтық жанжалдар асқынып, оған қосылған елдер саны ұлғайып, бара-бара халықаралық дағдарысқа айналуы да ықтимал (Таяу Шығыстағы Палестина, Үндіқытайдағы, Ауғанстандағы, Парсы бұғазындағы, Югославиядағы оқиғалар). Аймақтық жанжалдарды болдырмау, оларды алдын-ала болжау, себептерін анықтау, әділ жолымен реттеу, ірі мемлекеттердің астыртын әрекеттеріне жол бермеу, барлық халықтарға бостандық беру т.б. шараларды ойластыру — халықаралық қауымдастықтың бірден бір негізгі мақсаты.

